Жоба атауы:

«Халықаралық суды бағалау орталығының Қазақстандағы қызметін қамтамасыз ету»

Бағдарлама: *254 «Су ресурстарын тиімді басқару»*	Жұмыстың толық құны:	159 482 276,78 тг.
Ішкі бағдарлама: *105 «Көршілес мемлекеттермен су қатынастарын реттеу, шекарааралық суларды тиімді пайдалану және қорғау мәселелері бойынша ынтымақтастықты ұйымдастыру»*	2020 жылға арналған қаржыландыру лимиті:	40 985 786,78 тг.
Ерекшелігі: *156 «Консультациялық қызметтер мен зерттеулер үшін төлем»*	Орындалған жұмыстың, оның ішінде осы акт бойынша жұмыстардың құны:	
Мердігер: «Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы атқарушы дирекциясы» Қоғамдық қоры	а) жылдың басынан:	25 598 465,10 тг.
	б) есептік ай бойынша:	5 081 781,00 тг.

25.06.2020 ж. № 83 Мемлекеттік сатып алу туралы шартына сәйкес 2020 жылғы қазан айы бойынша

АННОТАЦИЯЛЫҚ ЕСЕП

Әзірлеуші:
«Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы атқарушы дирекциясы» Қоғамдық қоры
Директор
Бекниязов Б.Ж.

2020 жылғы 20 қазан

Алматы қ. 2020 ж.

«Халықаралық Арал теңізін құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясы» қоғамдық қорының «Халықаралық суды бағалау орталығы» филиалының Аннотациялық есебі

<u>2020 жылғы қазан айына</u>

2020 жылға арналған Халықаралық суды бағалау орталығының (бұдан әрі – ХСБО) келісілген жұмыс жоспарына сәйкес есепті айда мынадай іс–шаралар орындалды.

1. Трансшекаралық контексте су ресурстарын бөлу жөніндегі Басшылықты дайындауға және "Трансшекаралық контексте су ресурстарын тұрақты бөлу" және "Экологиялық ағын – экологиялық жүйені сақтаудың негізі" тақырыптары бойынша талдамалық жұмыстарды орындауға қатысу.

ХСБО қатысуымен трансшекаралық контексте су ресурстарын бөлу жөніндегі өңірлік есепті пысықтау және трансшекаралық контексте су ресурстарын бөлу жөніндегі ақпараттық брошюраны әзірлеу бойынша онлайн жұмыс кеңестері өткізілді (2020 жылғы 5 қазан, 2020 жылғы 9 қазан, 2020 жылғы 16 қазан). *1 – қосымша – сарапшылармен жұмыс кеңестері туралы ақпарат.*

2002 жылғы 20– 21 қазанда трансшекаралық контексте су ресурстарын бөлу жөніндегі Басшылықты әзірлеу туралы сарапшылар тобының үшінші отырысы өтеді. ХСБО отырысында Басшылыққа ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі аймақтық үдеріс туралы есептік ақпарат ұсынғалы отыр. Отырысқа қатысушыларға су ресурстарын бөлу және экологиялық ағынды бағалау бойынша Аймақтың негізгі тұжырымдары мен ұсыныстары қарастырылатын болады.

2. Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы Конвенцияның хатшылығымен өзара іс–қимыл жасау, оның ішінде Конвенцияның жұмыс органдарының отырыстарына (Бюро, су ресурстарын интегралды басқару жөніндегі жұмыс тобы, мониторинг және бағалау жөніндегі жұмыс тобы, Су және климат жөніндегі мақсатты топ және Су, энергия мен азық– түліктің өзара байланысы жөніндегі мақсатты топ) және Конвенция шеңберінде ұйымдастырылатын басқа да іс– шараларға қатысу.

2020 жылғы 29– 30 қыркүйекте Трансшекаралық сулар жөніндегі Конвенция Бюросының отызыншы отырысы өтті. Отырыста Конвенцияны жаһандық деңгейде жүзеге асыру стратегиясын қолға алу, Конвенцияға жаңа мүшелердің қосылуындағы ілгерілеу, COVID– 19 дағдарысы және оның 2019– 2021 жылдарға арналған Конвенция жұмысының бағдарламасын орындауға әсері, орнықты даму мақсаттарының 6.5.2 көрсеткіші бойынша

есебі, Конвенция шеңберіндегі жұмысты қаржыландыру, сондай– ақ Конвенция жұмысының 2022– 2024 жылдарға арналған жаңа бағдарламасын әзірлеу сияқты мәселелер қаралды.

Отырыс жұмысына Бюро төрағасы А.Т. Зебешев және ХСБО директоры С. К. Ахметов қатысты. Бюро төрағасы үшін Кеңес күн тәртібінің тармақтары бойынша ақпарат және күн тәртібін жүргізу бойынша ұсыныстар дайындалды. *2 – қосымша – Бюро отырысын жүргізу тәртібі.*

Отырыста ХСБО директоры С.К. Ахметов бюро мүшелерін ХСБО қызметі және ХСБО– ның 2020 жылға арналған іс– шаралары туралы хабардар етті.

2020 жылғы 30 қыркүйек пен 2 қазан аралығындағы кезеңде трансшекаралық сулар жөніндегі Конвенцияның Су ресурстарын интегралды басқару жөніндегі жұмыс тобының (бұдан әрі – жұмыс тобы) он бесінші кеңесі өтті. ХСБО Су ресурстарын бөлу жөніндегі Басшылыққа ұсыныстар әзірлеу жөніндегі аймақтық процесс туралы баяндама жасады. Отырысқа қатысушыларға "Трансшекаралық контексте су ресурстарын тұрақты бөлу" және "Экологиялық ағын – экожүйені сақтаудың негізі" тақырыптарына қатысты талдамалық жұмыстарды орындау шеңберінде дайындалған негізгі тұжырымдар мен ұсынымдар ұсынылды. Жұмыс тобының он бесінші отырысының шешімімен ХСБО ақпараты назарға алынды. Жұмыс тобының отырыстарын ұйымдастыру практикасына сәйкес он бесінші отырыстың жұмысы туралы баяндама оның шешімдерімен бірге бір айдан кейін БҰҰ ЕЭК сайтында орналастырылатын болады. *3 – қосымша – жұмыс тобының 15– ші отырысына қатысу туралы есеп.*

2020 жылғы 7 қазанда БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының қоршаған орта мәселелері жөніндегі қызметкері Аннукка Липпонен ханыммен ХСБО– ның онлайн кездесуі өтті. Кездесуде ХСБО– ның 2020 жылғы 22– 23 қазанда жоспарланып отырған Су, азық– түлік, энергия және Нексус экожүйесі арасындағы өзара байланыс жөніндегі мақсатты топтың 6– шы отырысының жұмысына қатысуы талқыланды. Хатшылық ХСБО– дан өзара байланысты шешімдер мен инвестициялар жөніндегі сұрақнаманы дайындау жоспарына жәрдем көрсетуді, сондай– ақ 2020 жылғы 19 қазанда өтетін "Су және энергетика ресурстарын кешенді басқаруға, жобаларды әзірлеуге арналған құралдар" баяндамасын талқылау жөніндегі онлайн семинарға қатысуға Қазақстандық тарапты дайындауға жәрдем көрсетуді сұрады. *4– қосымша – 2020 жылғы 7 қазандағы онлайн кездесу туралы ақпарат*

3. Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияға Қазақстанның төрағалығы жөніндегі Жұмыс тобының жұмысын ұйымдастыру

Трансшекаралық сулар жөніндегі Конвенция бюросына Қазақстанның төрағалық етуі жөніндегі жұмыс тобының отырысын 2020 жылғы 29– 30 қыркүйекте онлайн режимде өткен Конвенция Бюросының кезекті

отырысының алдында өткізу жоспарланды. Алайда, жұмыс тобының жаңартылған құрамы 2020 жылғы 29 қыркүйекте бекітілгендіктен, 2020 жылғы 28 қыркүйекте Қазақстандағы трансшекаралық сулар бойынша Конвенцияның ұлттық үйлестірушісі А.Л. Шалабекованың және Конвенция бюросының төрағасы А. Т. Зебешевтің қатысуымен онлайн режимде ХСБО жұмыс кеңесі ұйымдастырылды. Кеңесте қатысушылар бюроның 30– шы отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселелерді және Конвенция жұмысының бағдарламасын орындауға қолдау көрсету және Конвенцияны жаһандық деңгейде жүзеге асыру стратегиясы сияқты мәселелер бойынша Қазақстанның ұстанымын талқылады. Кеңес қорытындысы бойынша 2020 жылғы қарашаның басында Қазақстанның төрағалығы жөніндегі жұмыс тобының бірінші отырысын өткізу мүмкіндігін қарау туралы шешім қабылданды.

4. Қазақстанның төрағалығы шеңберінде трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы Конвенцияға Африка, Азия және Латын Америкасы елдерінің қосылуына жәрдем көрсету

2020 жылдың басында трансшекаралық сулар жөніндегі Конвенцияның Хатшылығы Қазақстанға Конвенцияға жаңа мүше елдерді, атап айтқанда Конвенцияға қызығушылық білдірген Африка, Азия және Латын Америкасынан кейбір елдерді тарту процесін қолдау туралы өтінішпен жүгінді. Осы сауалға сәйкес Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар министрінің атынан дипломатиялық арналар арқылы Африка, Азия және Латын Америкасының 29 еліне конвенцияға қосылуға үндеумен өтініш– хаттар жолданды.

Қазіргі уақытта адресаттардың жауаптарын мониторингілеу бойынша жұмыс басталды. Осы жұмысты жүргізу мақсатында Қазақстанның аталған елдердегі дипломатиялық өкілдіктерінің қолдауымен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігінің (ҚР ЭГТРМ) 14.08.2020 ж. № 06– 09/2848– и. хат жобасына ұсыныстар ҚР ЭГТРМ трансшекаралық өзендер департаментіне 19.10.2020 электрондық пошта арқылы жолданды. *5 – қосымша– хат жобасына ұсыныстар.*

5. Қазақстанның су саясаты бойынша ұлттық диалогты орындауға қатысу.

2020 жылғы 13 қазанда ХСБО– ның БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының қоршаған орта мәселелері жөніндегі қызметкері Әлішер Мамаджанов мырзамен Қазақстан Республикасындағы Су саясаты туралы ұлттық диалог жөніндегі Ведомствоаралық координациялық кеңесінің отырысына дайындық мәселелерін талқылау бойынша онлайн кездесуі өтті. Кездесуде қатысушылар 2021 жылға арналған ССҰД жұмыс жоспарын және ССҰД бойынша Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің алтыншы отырысында

талқылау үшін ықтимал мәселелерді талқылады. Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстанның ССҰД– ге тартылған барлық әріптестермен алдын ала күн тәртібін және 2021 жылға арналған ССҰД жоспарының жобасын жасау және келісу уағдаластыққа қол жеткізілді. *6– қосымша– 13 қазандағы онлайн кездесу туралы ақпарат.*

Трансшекаралық сулар жөніндегі Конвенция Хатшылығымен келәсе отырып, ВКК ССҰД жобасы бойынша отырысының алдын ала күн тәртібін жасады. *7 – қосымша– ССҰД бойынша отырыстың алдын ала күн тәртібі.*

6. Трансшекаралық сулар бойынша ынтымақтастықты дамыту мәселелері бойынша талдамалық– ақпараттық материалдар дайындауда Қазақстанның мемлекеттік органдарына жәрдемдесу

Қазақстанның мемлекеттік органдары үшін ақпараттық– талдау материалдарын дайындау шеңберінде мыналар әзірленді::

1) Конвенция шеңберіндегі халықаралық ынтымақтастық туралы ақпарат 2020 жылғы 2 қазанда электрондық поштамен ҚР ЭГТРМ трансшекаралық өзендер департаментіне жолданды;

2) СРББ жөніндегі жұмыс тобының 15– ші отырысы туралы пост– релизді жариялауға ұсыныс ҚР ЭГТРМ трансшекаралық өзендер департаментіне 2020 жылғы 05 Қазанда электрондық поштамен жіберілді;

3) БҰҰ ЕЭК шешімдерін және трансшекаралық бассейндерге инвестицияларды бағалау тақырыбы бойынша БҰҰ ЕЭК сұрақнамасына жауаптар дайындалды, 16.10.2020 ж. ҚР ЭГТРМ трансшекаралық өзендер департаментіне жолданды.

4) "Трансшекаралық су объектілерінің су шаруашылығы баланстарын әзірлеу жөніндегі басшылық" жобасын әзірлеуге арналған техникалық тапсырма ҚР ЭГТРМ– не 14.10.2020 ж. № 11 хатымен жіберілді.

5) 2020 жылғы 19 қазанда су ресурстарын интергацияланған басқару жөніндегі жұмыс тобының он бесінші отырысында сөз сөйлеу жобасына ұсыныстар ҚР ЭГТРМ трансшекаралық өзендер департаментінің 28.09.2020 ж. электрондық поштасына жіберілді.

6) 2020 жылғы 19 қазанда Инвестициялар және тұрақты жаңартылатын энергия көздерін енгізу саласындағы әлеуетті арттыру бойынша онлайн семинарда сөз сөйлеу жобасына ұсыныстар ЭГТРМ трансшекаралық өзендер департаментінің 16.10.2020 ж. электрондық поштасына жіберілді.

7. **Қазақстанда, Орталық Азия елдерінде және басқа да өңірлерде ұйымдастырылатын трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану мәселелері жөніндегі іс– шараларға қатысу.**

2020 жылғы 15 қазанда ДДСҰ қолдауымен "Ағынды сулардағы Ковид– 19 вирусын эпидқадағалау" тақырыбы бойынша су және денсаулық мәселелері жөніндегі Хаттама шеңберінде вебинар өтті. Вебинардың мақсаты– елдерге ұлттық деңгейде бақылауды орнатуға көмектесу. Вебинар SARS– CoV– 2 ағынды суларда эпидқадағалауды пайдалану

тұжырымдамасымен және мысалдарымен таныстырды, сондай– ақ эпидемиологиялық жағдайды басқару бойынша ашық мәселелерді шешу бойынша түрлі елдерден мысалдар келтірді. Вебинар жұмысына ХСБО бас сарапшысы К.М. Жакен қатысты. *8 – қосымша– кеңес материалдары.*

8. Басқа да іс– шаралар.

2020 жылғы 9 қазанда қоғаммен байланыс және әкімшілік жөніндегі бас маман лауазымына конкурстық комиссияның отырысы өткізілді. Конкурс комиссиясының отырысы ХСБО кеңсесінде өтті, сондай– ақ БКБ бойынша ҚР ЭГТРМ Трансшекаралық өзендер департаменті Халықаралық су қатынастары басқармасының басшысы Б.Ж. Денеев және "Қазақстан Республикасындағы Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы дирекциясы" ҚҚ маманы М.Заднепровская қосылды. Отырыс қорытындысы бойынша ХСБО– ның бос лауазымына Сабыррахим Камила сынақ мерзімімен қабылданды. *9 – қосымша– конкурстық комиссияның хаттамалары.*

2020 жылғы 28 қыркүйекте Швейцарияның Blue Peace бастамасы шеңберінде орындалатын "Су қалпына келтірудің тұрақты қозғаушы күші ретінде: Орталық Азиядағы су ресурстарын басқарудың экономикалық, институционалдық және стратегиялық аспектілері" бағдарламасының жұмысына ХСБО– ның қатысуын талқылау бойынша ХСБО директоры С.К. Ахметовтың Бо Либерт мырзамен және Мартон Краснай мырзамен онлайн кездесуі өтті. Кездесу қорытындысы бойынша Тараптар ХСБО– ның 2020 жылғы қарашада өткізуге белгіленген бағдарламаның бірінші техникалық кеңесіне қатысуы туралы уағдаласты. *10– қосымша– 2020 жылғы 28 қыркүйектегі онлайн кездесу туралы ақпарат*

2020 жылғы 15 қазанда ХСБО кеңсесінде ХСБО директоры С.К.Ахметовтың Қазақстан Республикасындағы Ауғанстан Ислам Республикасы Елшілігінің Уақытша Сенімді өкілі Омар Азизулла мырзамен Ауғанстанның ХСБО– мен ынтымақтастығын талқылау бойынша кездесуі өтті. Тараптар шектес елдермен Ауғанстанның трансшекаралық су ресурстарын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктерін қарауға уағдаласты. *11– қосымша– 15 қазандағы кездесу туралы ақпарат.*

9. Қаржыландыру.

Қазан айындағы қаржыландырудың сұралған жалпы сомасы **5 081 781** теңге, оның ішінде:

– еңбекақы төлеуге – 3 980 381 теңге *(еңбекақы төлеу– 1 819 055, сауықтыру жәрдемақысы– 1 809 600, әлеуметтік салық– 290 988, әлеуметтік аударымдар – 34 813, медициналық сақтандыруға аударымдар– 25 925)*;

– кеңсені жалға алу– 789 600 теңге;

– негізгі құралдарды ұстау– 19 500 теңге (1С – 19500);

–сақтандыру сыйақысы –42 500 (қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру);

– байланыс қызметтері– 44 700 теңге;

– банктік қызметтер– 5 100 теңге;

– үстеме шығыстар – 200 000 теңге– 25.06.2020 ж. № 83 қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қызметтерді басқаруға және ұйымдастыруға жұмсалған "ҚР– дағы ХАҚҚ атқарушы дирекциясы" ҚҚ шығындары.

Қосымшалар:

1) Сарапшылармен жиналыстар туралы ақпарат, 3 л;

2) Бюро отырысын жүргізу тәртібі, 7 л.;

3) СРББ бойынша жұмыс тобының 15– ші отырысына қатысу туралы есеп, 2 л;

4) 2020 жылғы 7 қазандағы онлайн кездесу туралы ақпарат, 1 л;

5) ҚР СІМ– ге хат жобасына ұсыныстар, 1 л;

6) 13 қазандағы онлайн кездесу туралы ақпарат, 1 л;

7) АӘД бойынша МСМ отырысының алдын ала күн тәртібі, 3 л;

8) Кеңес материалдары хаттама

9) конкурстық комиссияның хаттамалары, 2 л.;

10) 2020 жылғы 28 қыркүйектегі онлайн кездесу туралы ақпарат;

11) 15 қазандағы кездесу туралы ақпарат.

Директор **Б. Бекнияз**